

ЭРА - ГЛОНАСС

жүйесінің функциялары



ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі Ресей, Қазақстан және Беларусь үшін

Кіріспе	2
ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі туралы	2
ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің функциялары	3
Жүйені автокөлікте пайдалану	3
Автоматты қоңырау режимі	4
Қолша қоңырау режимі.....	5
Шұғыл қоңырауды пайдалану	5
Ақауларды іздеу және жою	7
Жиі қойылатын сұрақтар	10

Кіріспе

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі туралы

ЭРА-ГЛОНАСС Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін автокөлікке маңызды ақпаратты беруге мүмкіндік беретін технология болып табылады.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі WCDMA/GSM (егер оған қолжетімді болса) жалпыұлттық ұялы байланыс желісін пайдаланады. Бұл технология Сіздің смартфоньыңызға мүлде тәуелді емес. Ол автоматты роумингті пайдаланады, қосылыстарды оңтайландырады және шұғыл жағдайларда сұрату басымдықтарын береді.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің функциялары арқылы Сіз:

- Егер Сіздің автокөлігіңіз апатқа ұшыраған болса, автоматты түрде шұғыл сигнал бере аласыз.
- "SOS" түймесін басу арқылы шұғыл сигналды қолша жібере аласыз.
- Шұғыл сигнал берілгеннен кейін, қажет болған жағдайда оператормен сөйлесуге немесе деректерді шұғыл қоңырауларды өңдеу орталығына жібере аласыз.




ЕСКЕРТПЕ

2017 жылдың «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сай, көлік құралдарын ЭРА-ГЛОНАСС жүйесімен жабдықтау тәртібін анықтай отырып, Қазақстан Республикасына жеткізілетін барлық Subaru автокөліктері ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысымен жабдықталады. ЭРА-ГЛОНАСС мемлекеттік жүйесінің жұмысы, сонымен қатар ЭРА-ГЛОНАСС диспетчерлік орталығының жұмысы туралы ақпарат алу үшін жүйенің ресми өкілдерімен байланысыңыз.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің функциялары

Жүйені автокөлікте пайдалану



- Дыбыстық байланыс мүмкіндігі бар ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін басқару органдары автокөліктің жоғарғы консолінде орналасқан.
- Шұғыл қоңырау шалу үшін "SOS" түймесін басыңыз ("Шұғыл қоңырауды пайдалану" бөлімін қараңыз, 6.5).
- Егер "SOS" түймесін кездейсоқ бассаңыз, шұғыл байланыс операторымен байланыс орнатылғанға дейін шұғыл шақыруды тоқтатуға болады. Шұғыл шақыруды болдырмау үшін "SOS" түймесін шамамен 2 секунд бойы басып тұрыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер ЭРА-ГЛОНАСС қызметі жұмыс істесе, жоғарғы консолдегі жасыл бақылау шамы жанып тұрады. Егер ЭРА-ГЛОНАСС қызметіне қосылу кейбір жағдайларда мүмкін болмаса, жоғарғы консолдегі қызыл бақылау шамы жанады.
- Егер қызыл бақылау шамы жанып тұрса немесе жасыл және қызыл бақылау шамдары бір уақытта жыпылықтаса, бұл ЭРА-ГЛОНАСС жүйесіне жататын компоненттердің ақауының бар екендігін білдіреді. SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Автоматты қоңырау режимі

Автоматты қоңырау алған кезде шұғыл қызмет операторы автокөлік жолаушыларымен дыбыстық байланыс орнатуға тырысады және ақпаратты тиісті қызметтерге жібереді. Шұғыл жағдайдың сипатын анықтау үшін оператор тәулігіне 24 сағат/ аптасына 7 күн/жылына 365 күн режимінде ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі арқылы дереу әрекет етеді.

- Егер Сіз жауап бере алмасаңыз, оператор Сізге шұғыл жедел қызметтердің хабарланғанын және жолда екенін хабарлайды.
- Жедел қызмет операторы қоңырауды аяқтайды. Оператор қоңырау аяқталғаннан кейін 20 минуттан кейін Сіздің автокөлігіңізге қайта қосыла алады.
- Егер автоматты қоңырау режимі қосулы болса, белгілі күй мен жағдайға байланысты төменде келтірілген ескертпелер (мысалдар) дыбысталуы мүмкін.

Хабарлама	Жағдайы
"Шұғыл қоңырау соғылуда."	Шұғыл қоңырау жүзеге асырылуда.
"Қайтадан шұғыл қоңырау жасау мүмкіндігі таусылды."	Байланыс орнату мүмкін болмады, шұғыл шақыруларды өңдеу орталығымен байланыс қалыптаспады.
"Автокөлік туралы ақпарат беру."	ЖКО туралы ақпарат беріледі.
"Шұғыл қызмет операторымен қосылу."	Жүйе шұғыл қызмет операторымен қосылады.
"Қоңыраудың соңы."	Жедел қызмет операторымен сөйлесу аяқталды.




ЕСКЕРТПЕ

Автоматты қоңырау функциясы жұмыс істеу үшін жеткілікті қамтылу және ұялы байланыс сигналының деңгейі қажет. Бұл қызметке Ресейде, Қазақстанда және Беларусь елдерінде қолжетімді. 2016 жылдың наурыз айындағы жағдай бойынша қызмет тек Ресейде ғана бар.

Қолша қоңырау режимі

Автоматты шақыру режимінің іске қосылуын туындататын жағдайлардан өзгеше төтенше жағдай орын алғанда жоғарғы консолде шұғыл қызмет операторымен жылдам қосылу үшін "SOS" түймесін басыңыз.

Шұғыл қоңырауды пайдалану



- "SOS" түймесін басыңыз.
- Жедел қызмет операторы сізбен байланыс орнатып, шұғыл жағдайдың сипаты туралы сұрауға тырысады, содан кейін ақпаратты тиісті қызметтерге жібереді.
- Егер Сіз жауап бере алмасаңыз, оператор Сізге шұғыл жедел қызметтердің хабарланғанын және жолда екенін хабарлайды.
- Жедел қызмет операторы қоңырауды аяқтайды. Оператор қоңырау аяқталғаннан кейін 20 минуттан кейін Сіздің автокөлігіңізге қайта қосыла алады.
- Егер "SOS" түймесін кездейсоқ бассаңыз, шұғыл байланыс операторымен байланыс орнатылғанға дейін шұғыл шақыруды тоқтатуға болады. Шұғыл шақыруды болдырмау үшін "SOS" қызыл түймесін шамамен 2 секунд бойы басып тұрыңыз.
- Егер автоматты қоңырау режимі қосулы болса, белгілі күй мен жағдайға байланысты төменде келтірілген ескертпелер (мысалдар) дыбысталуы мүмкін.

Хабарлама	Жағдайы
"Шұғыл қоңырау соғылуда."	Шұғыл қоңырау жүзеге асырылуда.
"Шұғыл шақыруды болдырмау."	Шұғыл шақыруды болдырмау үшін "SOS" түймесі басылып, ұстап тұрылды.
"Қайтадан шұғыл қоңырау жасау мүмкіндігі таусылды."	Байланыс орнату мүмкін болмады, шұғыл шақыруларды өңдеу орталығымен байланыс қалыптаспады.
"Автокөлік туралы ақпарат беру."	ЖКО туралы ақпарат беріледі.
"Шұғыл қызмет операторымен қосылу."	Жүйе шұғыл қызмет операторымен қосылады.
"Қоңыраудың соңы."	Жедел қызмет операторымен сөйлесу аяқталды.



ЕСКЕРТПЕ

Шұғыл қоңырау функциясы жұмыс істеу үшін жеткілікті қамтылу және ұялы байланыс сигналының деңгейі қажет. Бұл қызметке Ресейде, Қазақстанда және Беларусь елдерінде қолжетімді. 2016 жылдың наурыз айындағы жағдай бойынша қызмет тек Ресейде ғана бар.

Ақауларды іздеу және жою

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесіне байланысты қандай да бір кемшіліктер болған жағдайда оны тексеруді төменде келтірілген кестеге сәйкес бастаңыз.

Ақау белгілері	Ықтимал себебі	Шешімі
Жүйе "SOS" түймесі басулы кезде ЭРА-ГЛОНАСС желісіне қосыла алмайды.	Автокөлік ұялы желі сигналын қабылдау қиын жерде.	Егер мүмкін болса, автокөлікті сигнал деңгейі жоғары болатын және байланыс қалпына келтірілетін жерге жылжытыңыз.
Қоңырау байланысы үзілді немесе ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің операторымен байланыс үзілді.	Телекоммуникациялық желі немесе базалық станция сигнал таралу аймағынан тыс орналасуы мүмкін.	Бұл ақау емес. Егер мүмкін болса, автокөлікті жылжытыңыз және тағы қайталап көріңіз.
Жоғарғы консолде қызыл бақылау шамы жанады.	Жүйеде ақаулық пайда болды. (Қысқа тұйықталу немесе қосқыштың сөнуі және т. б.)	Сіздің SUBARU дилеріне тексеруді орындау үшін хабарласыңыз.
Оталдыру ажыратқышы "ON" қалпына ауысқанда жоғарғы консолдегі қызыл және жасыл бақылау шамдары қосылмайды.		
Жоғарғы консолде қызыл және жасыл бақылау шамдары жыпылықтайды.	Жүйе автокөліктің сәйкестендіруші нөмірі ақпаратында сәйкессіздікті анықтады (VIN).	Сіздің SUBARU дилеріне тексеруді орындау үшін хабарласыңыз.

Тестілеу режимі

Тестілеу режимі дилерлік орталықта автокөлікті мерзімді техникалық қызмет көрсету кезінде немесе автокөлікті мемлекеттік техникалық тексеру кезінде сервистік мамандардың пайдалануына арналған. Режим автокөлік иесінің пайдалануына арналмаған.

Егер сіз 15 секунд ішінде "SOS" түймесін кездейсоқ үздіксіз бассаңыз, жүйе тестілеу режиміне ауысатынын білдіретін төменде келтірілген хабарлама естіледі.

"Тестілеу режимі іске қосылады. Тестілеу режимінде тек қызыл және жасыл бақылау шамдары, микрофон, динамиктер және қуаттау көзі тексеріледі. Қызыл бақылау шамымен көрсетілетін қосымша нәтижелер SUBARU сервистік орталығында анықталуы мүмкін."

Бұл режимді қосқанда, шұғыл қоңырау шалу мүмкін емес. Тестілеу режимінен шығу үшін, айтылған нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

6-қадамда тестілік шақыруды орындау жүйе операторының интерфейсіне қол жеткізу үшін ресми өкілеттілікті талап етеді. Осы себепті "SOS" түймесін баспаңыз.

1. Пайдаланушы интерфейсін тестілеу

"Егер екі жарықдиодты, жасыл және қызыл жыпылықтаса, дыбыс сигналынан кейін "SOS" түймесін басыңыз. Өйтпесе, баспаңыз."

2. Динамикті тестілеу

"Динамикті тестілеу. Дыбыс сапасы қалыпты болса, дыбыс сигналынан кейін "SOS" түймесін басыңыз. Өйтпесе, баспаңыз."

3. Микрофонды тестілеу

"Микрофонды тестілеу. Дыбыс сигналынан кейін микрофонға сөйлеңіз."

Егер жазылған дыбыс сапасы қалыпты болса, дыбыс сигналынан кейін "SOS" түймесін басыңыз. Өйтпесе, баспаңыз."

4. Резервтік қуат көзін тестілеу

Резервтік қуат көзін тестілеу үшін "SOS" түймесін басудың қажеті жоқ. Жүйе автоматты түрде келесі тестке өтеді. Егер резервтік қуат көзі дұрыс жұмыс істесе, бұл туралы ақпарат берілмейді, алайда ақаулы жағдайда хабарлама естисіз.

"Резервтік қуат көзі кернеуінің деңгейі төмен." "Резервтік қуат көзін ауыстырыңыз."

5. Соқтығысу қадағаларын тестілеу

Соқтығысу қадағаларын тестілеу үшін "SOS" түймесін басудың қажеті жоқ. Жүйе автоматты түрде келесі тестке өтеді. Егер соқтығысу қадағасы дұрыс жұмыс істесе, бұл туралы ақпарат берілмейді, алайда ақаулы жағдайда хабарлама естисіз.

"Соқтығысу қадағасының тесті жасалған жоқ."

6. Тестілік қоңырау: Осы тестті орындау үшін "SOS" түймесін баспай, тестілеу режимінен шығыңыз.

"Тестілік қоңырау фазасы. Дыбыс сигналынан кейін тест қоңырауын жүзеге асыру және тест нәтижелерін жүйе операторына беру үшін "SOS" түймесін басыңыз. Қоңырау шалусыз тестілеу режимінен шыққыңыз келсе, баспаңыз."

7. Тестілеу режимі аяқталды

"Тестілеу режимінің соңы."



ЕСКЕРТПЕ

Келесі операцияны жүйе операторының интерфейсіне қол жеткізу үшін ресми өкілеттігі бар тұлғалардың ғана орындауы тиіс.

- Егер барлық динамиктер жарамсыз болса, тестілеу режимі туралы ескертуді есту мүмкін емес. Бұндай жағдайда тестілік қоңырауды орындау үшін тестілеу режимін бастағаннан кейін 120 секундтан кейін "SOS" түймесін басу қажет. Тест қоңырауы басталғанда жасыл жарық индикациясы (жарықдиод) жыпылықтайды. Егер ол жыпылықтамаса, сынақ қоңырауы орындалмады. Тестілеу режимін қайта бастаңыз.

Жиі қойылатын сұрақтар

	ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі дегеніміз не?
	ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі дыбысты байланыс режимінде қосылу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ететін автокөліктік жүйе болып табылады. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің функциялары арқылы Сіз: • Егер Сіздің автокөлігіңіз апатқа ұшыраған болса, автоматты түрде шұғыл сигнал бере аласыз. • "SOS" түймесін басу арқылы шұғыл сигналды қолша жібере аласыз. • Шұғыл сигнал берілгеннен кейін, қажет болған жағдайда оператормен сөйлесуге немесе деректерді шұғыл қоңырауларды өңдеу орталығына жібере аласыз.
	Менің автокөлігімнің жоғарғы консоліндегі түйме не үшін қажет?
	ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің түймелері: • Шұғыл қызмет операторына қолжеткізуді қамтамасыз етеді - "SOS" түймесін басу пайдаланушыны "жедел желі" операторымен байланыстырады, ол шұғыл жағдайларда көмек көрсете алады.
	ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі маған шұғыл жағдайда көмек көрсету үшін смартфонымды пайдалана ма?
	ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі смартфоныңызды пайдаланбай автоматты қоңырау режимін, сондай-ақ қолша қоңырау режимін пайдалануға мүмкіндік береді.
	ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің қандай кепілдіктері бар?
	ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің жабдығына 3 жылдық мерзімге SUBARU шектеулі кепілдігі беріледі.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі бойынша осы нұсқаулықтағы ақпарат басып шығару кезінде дұрыс. Алайда, техникалық сипаттамалар мен жабдықтар алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

SUBARU өнімнің және жабдықтың техникалық сипаттамаларын кез келген уақытта өзіне қандай да бір міндеттемелер алмастан өзгертуге құқылы. Кейбір автокөліктер опциялық жабдықтармен жасақталған. Техникалық сипаттамалар тек ERA-GLONASS жүйесі бар автокөліктерде ғана қолданылады. Өзекті техникалық сипаттамаларды алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Коммуникация әдісі	WCDMA/GSM
Позициялау әдісі	GPS/GLONASS
Резервтік қуат көзінің сыйымдылығы	1100 мА-с
Резервтік қуат көзінің жұмыстық температурасы	–20 ... +85 °С (егер аккумуляторлық батарея қуатталмаса)
Резервтік қуат көзінің қызмет ету мерзімі	3 жыл
ЖКО туралы берілетін деректердің мазмұны	1. Қоңыраудың түрі (автоматты /қолша /тестілік) 2. Автокөліктің түрі (санаты) 3. Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) 4. Автокөліктің жанармайының түрі (энергия көзі) 5. Уақыттық белгі 6. Автокөліктің орналасуы 7. Автокөлік қозғалысының бағыты 8. Опциялық деректер (тестілеу режимін орындау нәтижесі)



"SUBARU KAZAKHSTAN" ЖШС
Қазақстанда басылған, 2018 жыл